

**Н.С. Қамарова**

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,*

*Ақтау, Қазақстан*

*E-mail: nagbdu@mail.ru*

*ORCID: 0000-0001-9476-1596*

## **МАҢҒЫСТАУ ӨңІРІ АҚЫНДЫҚ-ЖЫРАУЛЫҚ МЕКТЕБІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Маңғыстау ақындық-жыраулық мектебінің зерттелуі, артына мол мұра қалдырып, ақындық дәстүрді дамытып, ақындық-жыраулық мектеп қалыптастырған Маңғыстау өңіріндегі сонау Сыпыра, Асан Қайғы, Өгізбай Малгелдіұлы жыраулардан басталған жыр көшінің үзілмей ауызша жеткізілуі, асыл сөздің құдіреті туралы айтылады. Маңғыстаудың ақын-жырауларының шәкірттері, шәкірттерінің ұстаз туындыларын ел арасына кеңінен насихаттап жүретіні, ақын-жыраулардың эпикалық, шежіре жырларды да шебер орындаушы екендігі, ақын-жырауларға ақындықтың қонуы, түс көруі, түсінде аян беру сияқты психологиялық үдеріс туралы да сөз болады. Абыл, Қалнияз, Нұрым, Қашаған, Ақтан, Сәттіғұл және тағы басқа ақын-жырау мұраларынан мысалдар алынып талданды. Маңғыстау өңірі жырауларының жырлаған ғұрыптық жырлары, оның ішінде «Тойбастар», беташар, бата, көңіл айту, жұбату, естірту, жоқтау, терме, арнау, толғау жанрының бәрінде дерлік кездесетіні, тақырыптары сипатталады. Ақындар жырлаған «Тойбастардың», бата жанрының, Маңғыстау өңірі ақын-жыраулары айтысының ерекшеліктері, ақын-жыраулар туындыларында ғасырлар бойы ел аузында халық даналығына, нақылға айналған қанатты оралымдар, Маңғыстау өңірі ақындары жырларындағы Махамбет дәстүрі, оның ішінде Абыл, Қалнияз ақындар жырларының Махамбетпен үндестігі, Маңғыстау ақын-жыраулар жыр-толғауларындағы Махамбет сарыны талданды. Жыраулар поэзиясында ақынның болмысын, асқақ рухын, ақындық «Менін» таныту үшін «мен» жіктеу есімдігінің функционалдық, жырдағы дейкистік қызметі де аталады. Маңғыстау ақындық, жыраулық мектебінің ерекшеліктері зерделенді. Ақын-жыраулар мұраларының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындауға ден қойылды. Мақаланың ғылыми-зерттеу нәтижелерін, түйінделген тұжырымдарын қазақ ақын-жырауларына, авторлық ауызша поэзияға қатысты зерттеу жұмыстарында талдап-таразылау барысында пайдалануға болады.

**Алғыс:** Бұл мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша «Түркі халықтарының авторлық ауызша поэзиясы: генезис, типология, поэтика» жобасы аясында дайындалды (ИРН AP14869710).

**Кілт сөздер:** ақын, жырау, дәстүр, сабақтастық, мектеп, ауызша жырлау

**Н.С. Камарова**

*Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,*

*Ақтау, Казахстан*

*E-mail: nagbdu@mail.ru*

*ORCID: 0000-0001-9476-1596*

## **Особенности поэтической школы Мангистауских акынов-жырау**

**Аннотация.** В данной статье говорится об исследовании поэтической школы мангистауских акынов-жырау, о непрерывной преемственности поэм, берущих свое начало с таких мангистауских

акынов-жырау, как Сыпыра, Асан Кайгы, Огизбай Малгелдиулы, оставивших после себя богатое наследие, развивших поэтические традиции, сформировавших поэтическую школу жырау, о силе драгоценных слов. Также говорится о том, что ученики мангистауских акынов-жырау широко пропагандировали среди народа творчество своих учителей, они с большим мастерством исполняли эпические, летописные поэмы акынов-жырау, о поэтическом таланте, дарованном свыше, о таких психологических процессах, как сновидения, вещие сны. Дается анализ примеров из поэтического наследия Абыла, Калнияза, Нурыма, Кашагана, Актана, Саттигула и др. Дается описание тем, встречающихся почти во всех жанрах ритуальных песен поэтов-жырау Мангистауского региона, в том числе «тойбастар» (начало праздника), «беташар» (открытие лица невесты), «бата» (благословение), «көңіл айту» (выражение соболезнования), жұбату (утешение), естірту (извещение о плохой новости), жоктау (плач), терме (наставление), арнау (посвящение), толғау (размышление). В статье дается анализ особенностей «Тойбастара», воспетого акынами, жанра благословения, крылатые выражения, превратившиеся в народную мудрость, в изречения на протяжении нескольких веков, созвучие традиций Махамбета в поэмах поэтов Мангистауского региона, в том числе акынов Абыла, Калнияза, мелодии Махамбета в произведениях мангистауских акынов-жырау. Кроме того, с целью познания поэтической сущности, высокой духовности, поэтического «Я», определяется функциональная, дейкстическая функция личного местоимения «Я». Изучаются поэтические особенности школы мангистауских акынов. Обращается внимание на определение сходств и различий наследия акынов-жырау. Результаты научно-исследовательской статьи, выдвинутые концепции можно использовать в процессе анализа исследовательских работ, связанных с поэзией казахских акынов-жырау, авторской изустной поэзией.

**Благодарности:** Данная статья подготовлена в рамках проекта «Авторская изустная поэзия тюркских народов: генезис, типология, поэтика» по грантовому финансированию МНВО РК на 2022-2024 гг (ИРН AP14869710).

**Ключевые слова:** акын, жырау, традиция, преемственность, школа, устное исполнение

**N.S. Kamarova**

*Yessenov University, Aktau, Kazakhstan*

*E-mail: nagbdu@mail.ru*

*ORCID: 0000-0001-9476-1596*

## Features of the poetic school of Mangistau akyns-zhyrau

**Abstract.** This article talks about the study of the poetic school of Mangistau akyns-zhyrau, the continuous continuity of poems originating from such Mangistau akyns-zhyrau as Sypyra, Asan Kaigy, Ogizbai Malgeldiuly, who left behind a rich heritage, developed poetic traditions, and formed a poetic school zhyrau, about the power of precious words. It is also said that the students of the Mangistau akyns-zhyrau widely propagated the work of their teachers among the people; they performed with great skill the epic, chronicle poems of the akyns-zhyrau, about poetic talent given from above, about such psychological processes as dreams, prophetic dreams. An analysis of examples from the poetic heritage of Abyl, Kalniyaz, Nurym, Kashagan, Aktan, Sattigul and others is given. A description is given of themes found in almost all genres of ritual songs of zhyrau poets of the Mangistau region, including "toibastar" (beginning of the holiday), "betashar" (opening the bride's face), "bata" (blessing), "konil aitu" (expression condolences), zhubatuu (consolation), estirtu (notification of bad news), zhoktau (crying), terme (instruction), arнау (dedication), tolgau (reflection). The article provides an analysis of the features of "Toibastar", sung by the akyns, the genre of blessing, popular expressions that have turned into folk wisdom, into sayings over several centuries, the consonance of the traditions of Makhambet in the poems of poets of the Mangistau region, including the akyns of Abyl, Kalniyaz, the melodies of Makhambet in works of Mangistau akyns-zhyrau. In addition, in order to understand the poetic essence, high spirituality, and poetic "I," the functional, deikstic function of the personal pronoun "I" is determined. The poetic features of the school of Mangistau akyns are studied. Attention is drawn to identifying the similarities and differences in the heritage of the akyns-zhyrau. The

results of the research article, the proposed concepts can be used in the process of analyzing research works related to the poetry of the Kazakh akyns-zhyrau, the author's oral poetry.

**Acknowledgments:** This article was prepared within the framework of the project "Author's oral poetry of the Turkic peoples: genesis, typology, poetics" under grant funding from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2022-2024 (IRN AP 14869710).

**Keywords:** akyn, zhyrau, tradition, continuity, school, oral singing

## 1. Кіріспе

Қазақ – ықылым заманнан ұлттық санасын өлеңмен өрген шешен халық. Қазақ жерінің қай жерінде де айтулы ақындар, ақпа-төкпе жыраулар өмір сүргені белгілі. Табиғатынан ақын, жыршы, домбырашы, халық арасында танымал, сөзге шебер, аса дарынды адамды Маңғыстауда «жырау» деп атаған. Дала жырауларының жырлары ел ішіндегі небір айтқыш жыршылар мен шебер орындаушылардың айтуымен жеткен. Маңғыстау елі ұлан-ғайыр даланы кезіп, Жем, Атырау, Жайық жағасын бойлаған, бір жағы Орынборға көшіп, бір жағы Елек өзенін жағалап, біртіндеп Үстіртпен Шалқарды жайлаған, одан әрі Бесқаланы паналап, көшіп қонып жүрген. Олардың рухани байлықтары – аталы сөзі, арналы жыры, әуелеген әні, күмбірлеген күйі болған. Небір өрен жүйріктер өткен киелі мекенде сөз бен саз өнерінің асыл мұралары қалды. Маңғыстаудың бес жүйрігі атанған Абыл, Ақтан, Қашаған, Нұрым, Аралбай жыраулардың жырлары халықтың жадында жатталып қалғаны сонша бүгінде Маңғыстаудың әрбір отбасынан жыраулардың жырын, қайқылардың әнін немесе Маңғыстаудың күйлерін білетін адам табылатыны сөзсіз. Ақын-жырау да, жыршы да, күйші де, әнші де өткен Маңғыстауда әндері халықтың рухани нәріне айналған «Адайдың жеті қайқысы» атанған Досат Бәйменбетұлы, Майлан Шолтаман, Қаржау Тұрсын, Кенже Әділ, Жаңай Өскінбай, Жаманадай Тастемір, Медет Жылгелді сияқты әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші болған өнерпаздарының орны ерекше. Бұл мақалада Маңғыстау өңірі ақындық-жыраулық мектебінің ерекшеліктеріне тоқталамыз.

## 2. Зерттеу әдістері мен материалдары

### 2.1 Зерттеу әдістері

Ғылыми мақалада талдау, салыстыру, жүйелеу, қорыту әдістері қолданылды. Мақала материалдары ретінде маңғыстаулық ақын-жыраулар Абыл, Қалнияз, Нұрым, Қашаған, Ақтан, Сәттіғұл, Мұрат Өскімбайұлы, Махамбет шығармалары нысанға алынды. Кейбір ақын-жыраулардың шығармаларынан мысал ретінде үзінді алынбаса да мұрасы туралы, ғұрыптық жырлары мен айтыстарының ерекшеліктері туралы айтылады.

### 2.2 Материалдары

Маңғыстаудың қыр мұраларын жинақтап, зерттеп, зерделеу жұмыстары кешегі кеңестік кезеңнен қолға алына бастады. Ақын-жыраулар мұрасын жинақтауда ат салысып, ұйымдастырғандар қатарында қазақтың белгілі тұлғалары, ғалымдары, қаламгерлері бар. Атап айтсақ, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Н.Сауранбаев, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, А.Жұбанов, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, Б.Адамбаев, Б.Ысқақов, И.Ұйықбаев, С.Омарбеков, С.Садырбаев, О.Нұрмағамбетова, Қ.Сыдықов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Қ.Мұқанбетқалиұлы және т.б. Аталған ғалымдар мен жазушылар еңбектерінде

Маңғыстау жыраулары мен жыраулық дәстүр туралы айтылды. Әсіресе Мұрын жыраудың алты ай жарым уақыт бойы «Қырымның қырық батырын» жырлап тауыса алмағаны ғылыми ортаға үлкен ой тастады. Барлық саналы ғұмырын ел аузындағы асыл сөзді, ауызша поэзия өкілдерінің мұхиттай мол мұрасын жинап, зерттеген Қ.Сыдиықұлы: «Қазақ – табиғатынан ақын халық. Ұлы Октябрьге дейін сан ғасыр байтақ дала төсінде көбінесе көші-қонды күндер кешкен халқымыз қуаныш, күйінішін – жан сезімін жырмен ағытқан, өлең – ақыл мен ойдың кені, даналық – сөз өнерінде деп қадірлеген. Көшпелі тұрмыс пен ауызекі дағды «аттың жалы, атанның қомында» жүріп жырлайтын ақпа-төкпе импровизаторлыққа дағдыландырған» (Сыдиықұлы, 2014: 7), – деп жазады. Соғыс кезінде Мұрын жырауды Алматыға алдырып, асыл мұраны хатқа түсіру жұмыстарын атқарған Сәттіғұл Жанғабылұлы, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Нығмет Сауранбаев, Мәриям Хәкімжанова, Мәриям Исаева, Бозтай Жақыпбаев, Асайын Хангелдин сияқты тұлғалардың еңбектері бағалы. Қ.Сыдиықұлы Маңғыстаудың он бес ақын-жырауының әдеби мұрасын әдеби, ғылыми ортаға танытты. Ғалымның жинаған қазынасы ғылыми зеттеулерге жол ашты. Маңғыстаулық шежіреші Ж.Жылқышыұлы 2016 жылы отыз төрт жыраудың әдеби мұрасын тауып, жинақтап, «Тіл таңбалы ақындар» деген атпен 5 томдық жинақ шығарады. Ғалым Ж.Тілепов белгілі әдебиет зерттеушісі, профессор Ш.Қ.Сәтбаеваның жетекшілігімен 1987 жылы «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тарихилығы мәселелері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаса, 1997 жылы «XIV-XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының тарихилығы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Ғалымның қаламынан туған көптеген ғылыми-зерттеу еңбектер ақын-жыраулар поэзиясына арналады. Соның ішінде Маңғыстау өңірінің ақын-жырауларына да тоқталады. Ғалым Б.И.Нұрдаулетова Маңғыстау ақын-жыраулары шығармаларының жариялануы мен мәтіндік жай-күйіне ұзақ жылдар бойы зерттеулер жүргізіп келе жатыр. Көрнекті ғалым, академик Р.Сыздықтың жетекшілігімен 2000 жылы «XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық, 2008 жылы «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Нұрдаулетова Маңғыстау жырауларының жыр мәтіндеріне текстологиялық талдаулар, салыстырмалы зерттеулер жүргізіліп, жыр мәтініндегі көненің көзіндей жәдігер сөздерге этимологиялық, лингвотанымдық, статистикалық сараптаулар жасады. Жыраулар тіліндегі сөздер мен қолданыстардың қалыптасу, сақталу уәжі, келу көздері, тіл тарихымен тамырластығы туралы ғылыми еңбектер жазды. Сондай-ақ қазіргі оқырман үшін түсінігі қиын сөздер мен сөз тіркестері іріктеліп алынып, олардың тарихилингвистикалық түсіндірмесі бойынша сөздік құрастырды. Маңғыстаулық ізденушілер М.Қосымбаев 1999 жылы, А.Бүркітбаева 2006 жылы, Ә.Жеткізгенова 2009 жылы Маңғыстау өңірінің кейбір ақын-жырауларын зерделеп, кандидаттық диссертациялар қорғады.

Маңғыстаудың жыраулық мектебі – телегей-теңіз дүние. Маңғыстауда Абыл Тілеуұлы (1777-1864), Балдай Көшкінқызы (XVIII-XIX), Айтуған Тайұлы (1801-1898), Қалнияз Шопықұлы (1816-1902), Нұрым Шыршығұлұлы (1831-1908), Қашаған

Күржіманұлы (1841-1929), Ақтан Керейұлы (1850-1912), Аралбай Оңғарбекұлы (1857-1919), Мұрын Сеңгірбекұлы (1859–1954), Өскімбай Қалмамбетұлы (1860-1925), Сәттігүл Жанғабылұлы (1876-1966), Түмен Балтабасұлы (1884-1957), Сүгір Бегендікұлы (1894-1974), Ұзақбай Қазжанұлы (1897-1976), Елбай Қосымбайұлы (1900-1931), Мұрат Өскімбайұлы (1904-1979) және т.б. ақын-жыраулардың есімдері атадан балаға аңыз болып жетті. Әрине, Маңғыстаудың сөз зергерлері тек осы аты аталған ақын-жыраулар ғана емес, олардың замандастары, шәкірттері, ізбасарлары көп болған. Бізге белгісіздері қаншама! Бүгінге дейін Маңғыстау өңірінің елуге жуық ақын-жырауының әдеби мұрасы белгілі болып отыр. Қалнияз ақынның:

Адайда айтқыш кім өтті  
Өгізбай мен Абылдан?  
Тілі – шырын, сөзі – бал  
Жаманадай Нұрымнан?  
Аралбай, Ақтан термесі,  
Күлдіргі сөзді Қалымнан!.. (Қалнияз, 2016: 88), -

немесе,

Ұстазым Тіней Өгізбай,  
Неше буын жыр төккен  
Он екі баспа қобыздай.  
Тосылып сөзден көрмеген  
Адайда айтқыш Абылдай  
Шабатын жүйрік мен едім  
Сөзге қамшы салдырмай... (Қалнияз, 2016: 34), –

деп жырлауы тегіннен тегін емес. Маңғыстауда Өгізбай мен Абыл ақындардың дәстүрі үлкен мектеп қалыптастырды.

### 3. Талқылау

Ел ішінде ақын-жырауларға қатысты, әсіресе оларға ақындықтың қонуы туралы әңгіме, аңыздар көп. Маңғыстау өңірі жырауларының ақын болуына аян беру, түс көру, жел көтеру, пері шалу сияқты адамзат санасында еріксіз түрде жүзеге асатын психологиялық үдеріс әсер ететіні туралы да ел аузында не бір аңыз-әңгімелер бар. Түстің адам өмірінде болатын жайттарды тұспалмен жеткізетін қасиетін де ескеруіміз керек. Мәселен Абыл ақынның ақын болуы туралы мынадай аңыз бар. 1942 жылы атақты Мұрын жырау Абыл ақын туралы бірқатар маңызды деректер айтады. Мұрын жыраудың әкесі Сеңгірбек Абыл ақынның үйінде зергерлік құрып жатқан уағында қалай ақын болғанын сұраған. Сонда Абыл: «Отызға келген кезім, ерте қой өргізіп келіп, ұйықтап қалсам, біреу бір сұйық нәрсені аузыма құйып жіберді. Жұтып жібердім. Ояна келсем, кеудемді өлең сөз кернеп барады екен. Осыдан былай қарай ақын болып кеттім», – депті. Және бір дерек келтіре кетсек, Мұрын жырау Нұрым ақыннан естігенін былай баяндайды: «Абылдың әкесі айтатын еді. Түрікмен Мақтымқұлы: «Түсімде Абыл және қарақалпақ Қаңлыруынан шыққан Ақтәжі деген ақын қыз үшеуіміз бір жерде кесемен ас іштік. Қыз бен екеуіміз кесенің ішіндегі асын іштік те, Абыл кесені жұтып қойып еді. Абыл бізден кейін ақын болар, бірақ ақындығы артық болар», – деген екен» (Сыдиықұлы, 2007: 17). Ел аузында Нұрым

ақынға ақындықтың қонуы туралы 1965 жылы атыраулық жыршы Ғұбайдолла Зұлқашев айтқан аңыз бар. Нұрым бала кезінде далада келе жатып, шаршап ұйықтап кетеді. Түсінде ақ киімді, ақ таяқты ақсақал келіп: «Балам, шөлдедің ғой!», – деп балдай тәтті, сүттей ақ сусын ішкізеді. Сап-салқын сусынды ішіп алған Нұрым шошып оянса, іші кеуіп барады екен. Сол кезде айқайлап өлең айта бастайды. Өлең айтқан сайын халі жақсара түскен екен. Содан кейін Нұрым суырыпсалма ақынға айналған (Сыдиықұлы, 2007: 126). Қашаған ақынның ақындығы туралы да халық аузында аңыз-әңгімелер бар. Соның бірі былай баяндалады: Қашағанның 13 жас шамасында көшіп-қонып жүргенінде Үстірттің үстіне шыққан кезде Қыңыр шыңырауының тұсында Қашаған қатты ауырған. Сол жерде сапарластарынан қалып, 3-4 күн есін жимастан қызулап жатыпты. Ауру нағыз райлағанда ауызы бір жағына қисайып кетіпті. Ауру үстінде Қашаған ұйықтап кетіп, түс көреді. Түсінде бір киелі адам келіп: «Шырағым-ай, тарықтың ғой, арбалап берейін бе, дорбалап берейін бе?», – депті. сонда Қашекен: «Дорбаң да жетеді ғой», – деген екен. Әлгі адам:

Ендеше, несібең елден,  
Еңбегің қызыл тілден.  
Аз сұрадың – артың шолақ,  
Тілің қара сөзге олақ.  
Өмірің ұзақ,  
Баласыздықтан көресің-ау азап.  
Тұр! –

деп оның жағынан салып жіберіп, көзден ғайып болыпты. Қашағанның жағы сол кісінің ұрғанынан қисайып кетсе керек. Содан оянғаннан бастап кездескен адамымен сөйлескенде оның әңгімесі ұйқамып, өлең болып шыға беріпті. Қашаған ақынға сегіз жыл атқосшы болған шежіреші Серікбай ақсақалдан жазып алған бұл әңгімені шежіреші Қайырбай Өтепбергенов 1990 жылы 28 қыркүйекте Маңғыстау ауданынан шығатын «Жаңа өмір» газетінде жариялады. Дәл осындай әңгімелер басқа да ақын-жырауларға қатысты айтылып жүр. Ақын-жырауларға Алла тағаланың көрсеткен түсі арқылы ақындық қонғандығына шүбә келтірмейтініміз анық. Белгілі психолог ғалым З.Фрейд түс көру және оны жору арқылы адамның өзіне мүлдем белгісіз жұмбақ сырларды ашуға болатындығын дәлелдегенін (Фрейд, 2022: 52) ескерсек, ақындардың тылсым дүниемен байланысқанын байқауға болады. Түс көруді психологиялық үдеріс десек те, оның құпия, жұмбақтары көп екенін білеміз. Сүгірге жыршылық қасиеттің тылсым күш арқылы берілгені туралы да деректер бар. Ол туралы С.Құдайберген былай деп жазады: «Бегендіктің Сүгірін жел көтеріп жүр екен. Тұзбайырдың сорында пері шалыпты. Домбыра ұстап қыр айтатын көрінеді...» деген сөздер тегін айтылмаса керек» (Құдайберген, 2022: 10). Жел көтеру, пері шалу – ақын-жыраулардың басында көп кездесетін құбылыс. Ақын, жыршы, күйші-домбырашы Мұрат Өскімбайұлы Сүгірге сәлемдесе айтқанда мынадай жолдар бар:

Ұзақбай-Сүгір атандың,  
Біреуің жедел-періден.  
Біреуің ақын Өмірден  
Жатқанда ұйықтап бата алдың.

Мерекесінде алқаның

Сондықтан жүйрік атандың (Тіл таңбалы ақындар, 5-т, 2016: 234), – деген сөзі осы оқиғаны меңзеп тұр. Жаратылыстың бізге беймәлім тылсым сыры мол. Ол бір Аллаға ғана аян. Тылсым күштер арқылы ақын-жыраулар таланттарының ашылғаны туралы ел аузындағы әңгімелердің шындыққа жанасатын тұстары көп.

Жыраулар эпостық жырларды, шежіре жырларды жатқа білген, ел басына күн туған кездерде көне ноғайлық жырларды жырлап, халыққа серпін берген. Маңғыстау өлкесіне кең тарағаны – «Қырымның қырық батыры» жыры. Мұрын жырау ноғайлы жырларын алты айдан аса жырласа да тауыса алмаған. Оған кезінде белгілі ғалымдар, сөз зергерлері бағасын берді. «Мұрын халқымыздың кемел ойының жемісі – «Қырық батыр» жырларын өмір бойы жетілідіріп, жаңғырта жырлап, бүгінгі ұрпаққа табыс етті» (Сыдиықұлы, 2005: 7). Мұрын жырау мұрасы елді ерлікке, елдікке шақырып, жігерлендіріп отырған. «Дүние жүзінде санымен де, атқарған ісімен де күллі жаһанға мәлім небір ересек халықтар бар. Бірақ солардың бүгінгі таңда адамның зердесі мен жады тұрғысынан келгенде біздің Мұрын жырау сынды сексеннің сеңгіріне шыққанда соншалықты телегей теңіз жырды айлап айтып сарқа алмаған жыршысы жоқ. Бұл біздің ұлт ретіндегі зерде-зейін жағынан кім-кімнен де болса кем емес екендігімізге куәлік беретін нақтылы факті» (Тілепов, 2021: 266). Мұрын Маңғыстауда туылса да, Қарақалпақстанда Қарыз жыршымен бес жыл көрші болып, жырларын құлағына сіңіреді. Мәулімберді Үдербайұлы жыраумен бір жылдай аралас-құралас болып, жыр үйренеді. Қарақалпақ жерінде ауыл-елді аралап, жиын-тойларда жыр айтады. Жиырма жасында Нұрым жыраумен кездесіп, қасына төрт ай еріп жүреді. Жиырма бір жасында туған жеріне оралып, жыршылығымен көзге түседі. Отыз жасында «Мұрын жырау» атанады. Жасы отыз екіге келгенде Сағыз бойын қоныстанған Нұрым жырауды, 37 жасында Мұрат Мөңкеұлын іздеп барып, үш айдай бірге болып, өзі білетін батырлық жырларды толықтыра түседі. Мұрын жырау Ақтан, Жаскелең, Бітеген жыраулармен де дәмдес, сапарлас болады. Ол бірде Хожеліде, бірде Маңғыстауда, бірде Атырауда тұрады. Бір орында тұрақтап қалмай, Орта Азияның отыздан аса қалаларында «Қырымның қырық батырын» насихаттайды. Жүрген жерінен ерлік дастандарын, жаңаша жыр үйреніп жүреді. Жыраулар елі Маңғыстауда Қашағанның орны бөлек. Қашаған ақын да монғол шапқыншылығын алты ай бойы жырлап тауыса алмаған деген әңгімелер бар. Өкінішке орай ол жыр бізге жеткен жоқ. Қашаған Ноғайлы жырларын, оның ішінде «Қарасай-Қази» эпосын жырлады. Оны 1964 жылы маңғыстаулық жыршы Ш.Үсенбаев хатқа түсірді. Хатқа түсірмес бұрын Шәдіман жыршы бірінші өзі Қашаған нұсқасын жаттап алады. Жыршылардың бір қасиеті – жаттаған жырын басқа да нұсқалармен жеткізуі. Қашағанның шәкірттері көп болған. Қашаған ақынның жанына Аралбай, Сәттіғұл, Мұрын, Түмен, Сүгір, Шамығұл ақындар еріп жүрген екен. Сәттіғұл ақын Қашағанның мұрасын қағазға түсіріп, ҚР Ғылым Академиясының қолжазбалар қорына өткізген. Қашағанның «Топан», «Адай тегі», «Атамекен» дастандары, Ақтанның «Ерлік жыры», Қалнияздың «Балуанияз», «Ер Қармыс» дастандары, Сүгірдің шежіре жырлары елдің ыстық ықыласына бөленген.

Маңғыстаудың ақын-жыраулары қастарына шәкірт ертіп жүрген. Шәкірттері ұстазының туындыларын ел арасына кеңінен насихаттаумен бірге эпикалық жырларды да, басқа жыраулардың жырларын да шебер орындаған.

Қашаған ақынның «Атамекен» дастанында:

Көзім көрген адамда  
Абыл, Нұрым, Ақтаным,  
Осылар еді тақ-тағым,  
Осылай деп маған үйреткен

Тарихтың ескі ақпарын (Күржіманұлы, 1991: 107), –

дейтін жолдарында Абыл, Нұрым, Ақтандай жүйріктерді ұстаз санап, қастарында айлап, жылдап еріп жүрген. Ұстаздарынан үйренген сөз маржандарын халыққа таратқан.

Қашағаннан бата алған жүйріктердің бірі Сәттіғұл ақын еді. Сәттіғұл ақын өзінен бұрынғы ақындар жырларын өте көп білген. Абыл, Ақтан, Қашаған, Елбай жырларының біразы Сәттіғұл ақынның айтуымен жеткен екен. Сәттіғұл есімі жүйрік Қашаған мен Аралбай ақындардан кейін аталады. Ақын Сүгір жырауға жолдаған хатында: «...Абыл, Нұрым, Кенже Ақтан // Қашағандар болмаса, // Ағаңнан озар, шырағым, // Кім бар еді бүгінде?» деуі аға буын ақындарға өзіне берген бағасына орай айтқаны деуге болады. Маңғыстаулық Түмен, Жанжігіт, Дүйсенбай, Шәдіман, Әлқуат, Мұрат, Шамғұл, Айтқұл, Өткелбай, Сәду, Назарбек, Көшен, Бүркітбай, Хамит, мұқырлық Қарағұл, түрікмен жерінде болған Сүгір, Ұзақбай, Қайролла, Ниязхан, Балта, атыраулық Құмар мен Сұраубай, Тәжмұхан мен Ғұбайдолла сияқты дүлдүл ақындар мен жыршылар – Сәттіғұлдың шәкірттері. Сәттіғұл ақын тек Қазақстанға ғана емес, Орта Азия елдеріне де танылған. «Батыс Қазақстан аймағында Сәттіғұлды өзіне ұстаз тұтатын Қызылғұрт Ыбыр, атыраулық Құмар Жүсіпов, доссорлық ақын Сұраубай Жаңай Жанжігіт Қосназаров, Әлқуат Қожабергенов, Саду Қайырлапов, Шамғұл Ыбырайымұлы, Сүгір Бегендікұлы, Ұзақбай Қазжанұлы Әлиев, Қарағұл Қонаршиев, Назарбек, Ғұбайдолла, Бәли Көшен, Шәдіман Үсембаев, Тәжмұхан, Тастемір Айтқұл Шыманов, Дәулеталы Бүркітбай Керелбаев, Тастемір Тұрарбек Нұрмағанбетов, Шолақ Өткелбай Мұрынов, Бәйбіше Дүйсенбай, ақын Түмен Балтабасұлы, Бейімбет Кенғали Құтымбетов, Жаңай Хамит, Мұрат Өскенбаевтар, шалбар Әбдірахман Әбубәкіров, тағы да басқа жыршы-термешілер болған, олардың көбі қазір жоқ» (Жылқышыұлы, 1996: 25), – дейді шежіреші Ж.Жылқышыұлы. Сәттіғұл ақын өзі батасын беріп, «шәкіртім» деп атаған халық ақыны Есенғали Бөкенбаев Жаңаөзен қаласында өмір сүрді. Есенғали ағамыздың өз айтуы бойынша 1949 жылы Шағаданнан батасын алуға әдейі іздеп Маңғыстауға келіп, Сәттіғұл ақынмен дидарласқан, қасында біраз болған.

Халықтың той-томалағы ақын-жырауларсыз өтпеген. «Той – адамның қазынасы» (Күржіманұлы, 1991: 49) деп Қашаған ақын айтқандай «Тойбастармен» тойды бастап беретін жыраулар кейде шәкірттеріне той бастауға рұқсат берген. Ондай кезде шәкірті алдымен ұстазын таныстырып, халықтың өзінен қандай жыр қалайтынын сұрап алған. «Тойбастардың» классикалық үлгілерін Маңғыстау жырауларынан көруге болады. Ғалымдарымыздың ғұрыптық фольклордың типологиялық сипаттамасын



зерделеген мақалада (Mukhan, 2020) және «Тойбастар ғұрпының семантикасы және ерекшелігі» атты мақалада (Zholdybaev, 2023) үйлену салты кезіндегі «Тойбастар» ғұрпының ерекшеліктері көрсетіліп, бұл жанрдың түбі бір түркі халықтарына ортақ жанр екендігі байыпталады.

Ақтан жыраудың барлық жырын жатқа білетін маңғыстаулық саңлақ жыршы Шамғұл Ибрагимов «Жиналған, халық, жарандар, Зейін қойып сөзімнің, Парасатын қараңдар!..» – деп бастап, желдірте жөнелетін. Жыршы, жыраулар Шамғұл, Сүгір, Жанжігіт, Айтқұл, Дүйсембай, Мұрат Өскімбаев, Избасар Шыртанов және тағы басқалар ұстаздарының жырларын қызуқандылықпен шырқаған. Жыршы, жыраулар өздерінің төл туындыларымен қатар басқа да ақын-жыраулардың жырларын да халық арасында орындаған. Сондықтан бір ақынның айтқан сөздерінің екінші ақында қайталануы немесе сөздерінің өзгеріске ұшырауы көп кездеседі. Сүгір жырау өз туындыларымен бірге Абыл, Нұрым, Қашаған, Сәттіғұлдың және т.б. ақындардың шығармаларын шебер орындаған. «Тойбастар» жырының екі түрлі нұсқасы бар Өмір Қараұлының, Қалнияз ақынның, Бәйімбет палуан Телеуұлының және т.б. жыраулар «Тойбастары» немесе Ақтан Керейұлының «Қаумалап халқым келгесін», Ұзақбай Қазжанұлының «Әлеумет, келдің жыйылып», Мұрат Өскімбайұлының «Әлеумет, келсең алқалап» және тағы басқа тойға, жиын-құрмаға арналған жырлардың барлығына дерлік ортақ ерекшелік – тойдың көрігін қыздыруы, қазақтың ұлттық салт-дәстүріндегі түрлі мазмұндағы тойларға мадақ айтуы, той иелерін қызу құттықтауы, сөзді ойнатып айтуы, тойдың бейнесін жандандыра суреттеуі. Көбіне 7-8 буынды, кейде 11 буынды аралас ұйқасқа құрылып, бір екпінмен, бір ырғақпен төгіле жырлануы тыңдарманының делебесін қоздыра түседі.

Абыл ақынның «Тойбастары» он бір буынмен, қара өлең ұйқасымен жырланған:

Бісміллә, той басталық, жұрт-жамағат,  
Жарасар бір Аллаға қылсаң тағат.  
Бір елің бір еліңмен қылдың талап,  
Талабың қабыл болғай Құдай қалап (Жыр-Дария, 1995: 17).

Алланы аузына алу, «Бісміллә сөз басы» деп жырлау жалпы ақын-жырауларға тән. Нұрым Шыршығұлұлында «Тойбастар»:

Әуелі «Бісміллә» деп сөз сөйлейін, Хақ-Жасаған,  
Екеуді жұп, біреуді әуелден бір Алла тақ жасаған...  
(Жыр-Дария, 1995: 124)., –

деп жырланса, Сәттіғұл ақынның «Тойбастар сөзі» Абыл, Нұрым «Тойбастарымен» үндесіп жатыр:

Әуелі сөз бастайын «Бисмилләдан»  
Білмейді «бисмилләні» қаста-надан  
Бұрынғы бізден өткен пайғамбарлар  
Әр ісін «Бисмилләсіз» бастамаған... (Жанғабылұлы, 1996: 243).

Ұстаздары Абыл, Нұрым, Ақтандардың жырларын жатқа білетін Қашаған ақынның «Тойбастары» дәстүрлі әдіспен жырлануымен қатар өзінің бейнелі сөздерімен ерекше, той көрігін қыздырған сән-салтанатты көз алдымызға әкеледі:

Жиналып, халқым, құралсаң,  
Сөйле деп бізге ұйғарсаң,  
Бұл тойдың көркін айтайын:  
Той болады дегеннен  
Халыққа хабар таратқан.  
Ат жүйрігін жаратқан,  
Әшекейлеп, жасантып,  
Отау тігіп, от жаққан,  
Байрақты тігіп, ат шапқан.  
Жыршысы болса – жырлатып,  
Аламан басын құрлатып,  
Жақсыларға тыңдатқан... (Күржіманұлы, 1991: 48), –

деп басталатын Қашаған ақынның жырындағы қыр суреттері, ат шабыс, аламан бәйге, тізілген киіз үйлер бейнесі көз алдымызға елестеумен бірге қиқулаған, шын қуанған жандардың жарқын-жарқын дауыстары, ию-кию тірліктің дыбыстары да құлағымызға келгендей әсерде боламыз.

Жиналған топтың құралы -  
Жыршыдан өнер сұрадың.  
Сұрағандарың сөз болса,  
Қалағандарың біз болса,  
Қандырайын көптің құмарын.  
Шын шабытым келгенде,  
Ағыным тасты аударған  
Мен бір қайнарлы өзен, бұлағың... (Күржіманұлы, 1991: 49).

Сөздің құдіретін бейнелі осы бір жолдардан да тануға болады. Ақынның сұрапыл тасқыны жайбарақат отырған адамды да бей-жай қалдырмайды. Бірте-бірте екпіні үдей түсетін, таудан сарқырай аққан өзендей төгіліп жатқан жыр тыңдарманын шабыттандыра түседі.

Ақын-жыраулардың басым көпшілігінде «Сөзбасы», «Бастау сөз» деген бар. Бұл жырлар көбінесе той-жиындарда өзінің бастамасымен, кейде ұстаздарының рұқсатымен айтылады. Ақтанның «Сөз басы» атты бастау жыры біраз уақытқа Сәттіғұл ақынның термесі деп Сәттіғұл ақынның жинақтарында жарияланып келді. Ақтанның мұрасы болып есептелуіне нақты дәлел бар екенін жазған шежіреші Ж.Жылқышыұлы «Тіл таңбалы ақындар» жинағының 2-томына Ақтан Керейұлы шығармалары бөліміне Сәттіғұл ақындыкі делінетін «Сөз басын» енгізеді. Жинақта «Ақтанның «Сөз басы» атты бастау термесі бұрынғы жыйнақтарда Сәттіғұл ақынға телініп келген. Өйткені, Сәтекең бұрынғы жыраулардың салтымен көп алдында жырды ұстазы Ақтанның осы «Сөз басымен» бастайтын болған. Сондықтан жыр кейінгілердің қателігінен Сәттіғұлға телініп кеткен. Бұған нақты дәлелдеріміз бар» (Тіл таңбалы ақындар, 2-т, 2016: 133) деген түсінік келтіреді. Бұл жырды жеткізуші жыршылардың да қатесі болуы мүмкін.

Жырауларда ең көп кездесетін жанр – бата жанры. Бата сөз – адам бойына кісілікті дарыту құралы. Мысалға, Абылдың Балдай қызға батасы, Айтуған Тайұлының

«Өсиет өлеңі», Қашағанның, Нұрымның «Ұзатылып бара жатқан қызға берген батасы», Қашағанның «Сәттіғұлға батасы», Сәттіғұлдың «Есенғали Бөкенбаевқа батасы, Өскімбай Қалмамбетұлының баталары өсиет, насихат, ғибратқа толы. Жыраулар ұғымында шаңырақ, ошақ, табалдырық, босаға деген сөздер – қасиетті сөздер. «Шаңырақта жақсылық, құт болып, ұрпағың жалғассын!» деген тілектер айтылады. Қашаған «Ұзатылып бара жатқан қызға берген батасында» мінез-құлық мәдениетінің жоғары, ибалы келін атануына насихат айтады:

Қайын жұртқа барғанда  
Ұзартып жүрме тілінді,  
Ұстатып жүрме мініңді.  
Жақсы адамдар онда бар,  
Ақылы алуан білімді (Күржіманұлы, 1991: 78).

Батаның мазмұны – отбасы бірлігін, тыныштығын, жарастығын сақтау, ұрпақ тәрбиелеу, әулетке бақыт тілеу. Қыздың барған еліне сыйлы болуы үшін әр жаста қандай болуы керек екенін өлеңге өріп, насихат айтады:

...Елу жасқа барғанда  
Бәйбіше болсаң балқыған,  
Қас-қабағың шалқыған,  
Қолыңда болса, шырағым,  
Қос бауырдақты қос жүзік,  
Бәйбішелік те бір қызық.  
Алпыс жасқа келген соң,  
Төсегіңді сал да жатып ал,  
Биліктен басыңды сатып ал.  
Ақыл ойлап пікір ет,  
Құдайыңа шүкір ет... (Күржіманұлы, 1991: 79).

Ұзатылған қызды ешкімге қабақ түймейтін, жүрген жері берекелі, сыртынан естіген жан сүйсінер, әулеттің ақ жаулықты ақылшы анасы болуға шақырады.

Үйіңе келген қонаққа  
Шытылмасын қабағың,  
Толы келсін табағың.  
Ауыл үй түгіл, ел мақтар,  
Сыртыңнан естіп қазағың (Күржіманұлы, 1991: 78).

Мән-мағынасы терең тілек сөздермен жалғасады. Бата сөздерде Қыдыр атаны атау ежелден бар. «Бақ пен дәулетті де, бас амандығы мен байлықты да ақ тілеу айтып, бата беру арқылы дарытуға болады деп түсінген халық жарылқаймын десе де, жабырқаймын десе де Қыдыр атаның қолында, соның еркі біледі деп есептеген» (Уахатов, 1974: 163). Жыраулар да бата арқылы Қыдыр дарып, қырсық арылуын, бақ қонуын тілеген. Өскелең ұрпақты батыр да өжет қылып тәрбиелеу үшін халықтың асыл ұлдары мен есімдері құрметті тектілерін атап айтып, олардың қасиеттерін айтып, сол тұлғаларға ұқсауға шақырады. Мәселен, Нұрымның «Оразбайдың қызына берген батасында:

Оңғарғай тізгінінді Жаббар-Құдай,  
Кем болма тең-құрбыңнан мұнан былай.  
Талабың қайда жүрсең оңғарылып,  
Қасыңа Қызыр-Ілияс қонғай сыбай.  
Ылайықты-дәрежелі дәулет бітіп,  
Шалқысын аққан судай қант пенен шәй.  
Бәтиха осылайша бермегесін,  
Көңілің тұнық күнгі болар ылай.  
Тыңдасаң, сөздің пәмі осылайша,  
Ақының бата берсін, қолыңды жай  
(Тіл таңбалы ақындар, 1-т, 2016: 240), –

дей келіп, әр рудың белгілі тұлғаларын, жақсылары мен жайсаңдарын атап айтып, соларды үлгі етсе, Сәттіғұлдың Есенғали Бөкенбаевқа батасы үміт артуға арналған:

...Әуелден-ақ үмітті ем,  
Соңымнан бір ұл туар деп.  
Бір Құдырет-Құдадан,  
Батамды бердім өзіңе,  
Болған соң сөзің сүйкімді  
Астана елге ұнаған (Жанғабылұлы, 1996: 219).

Сәттіғұл ақын Есенғали інісіне жақсы тілектерін арнап, болашағына зор сенім артады.

Бата сөздердің тақырыбы өте көп. Жыраулар амандық-саулық, тыныштық, ел бірлігі, бақыт, молшылық, ырыс-құт сияқты тақырыптарды да жырлаған.

Жыраулардың бата, өсиеттері – нағыз тәрбие көзі. Онда гибратты сөздер түйдек-түйдегімен айтылады. Жалпы ақын-жыраулар туындыларында ғасырлар бойы ел аузында халық даналығына, нақылға айналған мағыналы сөздер мен сөз тіркестері, қанатты оралымдар көп кездеседі. Мысалға, бір Қашаған ақынның ғана жырларынан мысалдар келтірсек, Қашағанның поэзиясының тұнып тұрған өсиет, нақыл екеніне көз жеткіземіз. Ақынның ұзатылған қызға ақыл-өсиет түрінде айтқан баталары бүгінде ел аузында нақыл сөздерге айналды. Үзінді келтірер болсам:

Ұзартып жүрме тіліңді,  
Ұстатып жүрме мініңді (Күржіманұлы, 1991: 78),  
немесе  
Ақыл ойлап пікір ет,  
Құдайыңа шүкір ет (Күржіманұлы, 1991: 79).

Қашағанның «Бұл өмірдің мысалы» жыры да терең ақыл мен нақышты нақылға құрылған.

Әділдіктің белгісі –  
Расын сөйлеп сардифан.  
Пітне көңіл белгісі –  
Құпия сөйлеп ыржиған... (Күржіманұлы, 1991: 72).  
«Берекет ақынға айтқанында»:  
Мың қарғаға – бір кесек,

Ортасына түссе, қашырған (Күржіманұлы, 1991: 69).  
«Аралбайды жұбатуы» жырында:  
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
Қанаты бүтін сұңқар жоқ (Күржіманұлы, 1991: 44).  
Ақыл деген – қой болса,  
Ашу деген – көк бөрі (Күржіманұлы, 1991: 45).  
Ақылың қорған тал болар,  
Тәуекел – қайық, сал болар (Күржіманұлы, 1991: 45).  
Айы біткен айда өлер,  
Күні біткен күнде өлер (Күржіманұлы, 1991: 45).

Дәл мұндай мысалдарды барлық ақын-жыраулар поэзиясынан көптеп келтіруге болады.

Маңғыстау өңірі ақын-жырауларының көп жырлаған жанрлары – ғұрыптық жырлар, оның ішінде беташар, бата, көңіл айту, жұбату, естірту, жоқтау, т.б. Құдас Досымұлының, Сүгірдің, Жарылғап Байбарақұлының, Өмір Қараұлының «Беташар» жырлары бір-бірімен үндесіп жатыр. Сондай-ақ өміршең тұрмыс салт жырлары, оның ішінде көңіл айту, естірту, жұбату жырлары да атадан балаға мұра болып қалды. Бір Абыл ақынның өзіндегі «Құлбарақ батырдың өлімін әкесіне естіртуі», «Құлбарақ батырдың қазасын естіртуі», «Тілеумағанбетті естіртуі», «Батырларды жоқтауы», «Сүйінқара батырды жоқтауы» сияқты жырлары ақынның замандастарымен ниеттес көңілін білдіреді. Дәл мұндай жырлар Қалниязда, Нұрымда, Ұзақбайда, Қашағанда, Ақтанда, Аралбайда, Түменде көбірек. Ақындардың қоштасу жырлары да көңілге мұң ұялатады. Мысалы, Қашағанның «Қоштасуы», Абылдың «Тілеумағанбетпен қоштасуы», Нұрымның «Әке рухымен қоштасуы», т.б.

Жырауларда терме, арнау, толғау өмір жолдарын, әр жастағы қадір-қасиетті, жастық пен кәрілікті жырлауға арналады. Мысалға, Абыл «Сексеннің біз де келдік жетеуіне», «Кәрілік», Қашағанның жетпіс бес жасты, сексен жасты жырлауы, қартайған шағында айтқандарында бұл дүниенің жалғандығын, көзді ашып-жұмғанша өте шығатын өткінші дүниенің жүйріктігін толғайды. Сексен жетіге келген Абыл ақын:

Сексеннің біз де келдік жетеуіне,  
Жаманның ергенім жоқ жетегіне...  
(Тіл таңбалы ақындар, 1-т, 2016: 48), –

деп толғанса, Қашаған қартайған шағында:

Қырмызы қызыл дүние,  
Басымда білдім тұрмасын  
(Күржіманұлы, 1991: 71), –

деп толғанады. Ақын-жыраулардың жыр-толғауларында адамның өмірі, халықтың тұрмысы, ұлттың шежіресі көркем сөзбен кестеленді. Философиялық түйіндер жасалады. Жырдан кестеленген маржан мұраларда жаратылыс пен дүние сырларының заңдылықтары түсіндіріледі.

Батыс ақындарының, соның ішінде Маңғыстау өңірі ақындарының жырларында Махамбет дәстүрі бар. Махамбеттің қай өлеңі де өр рухты екені белгілі. Қай

жырын оқысақ та көз алдымызға ерен тұлғалы, өткір сөзді, қайсар батыр елестейді. Махамбеттегі дауылпаз тарпаңдық Маңғыстау ақын-жырауларының жыр-толғауларында да кездеседі. Мысалға, «Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқан сөзі» Махамбеттің найзадай өткірлігін білдірсе, «Абылдың Баймағанбет сұлтанға айтқаны» деген екі өлеңінде де Махамбеттегі рухты көреміз. Абыл ақын бірінші өлеңінде халыққа артығырақ салған салықты сынаған. Абылдың айтқанын тыңдаған сұлтан салықты екі есе қысқартқан екен. Екінші өлеңде ауырып жатқан сұлтан Абыл ақынды алдыртып, жырлатады. Сонда Абыл тайсалмастан сұлтанға бетің бар, жүзің бар демей, қасқайып тұрып:

Бопайдан туған әкең Айшуақ хан,  
Табаның таймай тұр-ау мінген тақтан.  
Дәлірген тажал сынды дәрежеңді,  
Деп жүрсің Құдай қорып, Қыдыр баққан...  
(Тіл таңбалы ақындар, 1-т, 2016: 26), –

дей келіп, «елге жаққан қандай ісің бар?» деп сұрайды. Бұл сөздерінен кейін ел әкімдері Абылды біраз қудаласа керек. XIX ғасырдағы ақын-жыраулар Махамбетпен замандас әрі өмірлері жауынгерлік жағдайда өткендіктен поэзиясының сарындас болуы – заңдылық. Әсіресе, ерлік пен өрлік, жауынгерлік рух Қалнияз жырларынан көп байқалады.

Махамбет «Елмен қоштасу» жырында:

...Досты болып жүргендер  
Жау болып келді көріне.  
Беліне садақ байланып,  
Бір келмеді-ау деніме!  
Қайрыла алмай барамын  
Қайран да қалған еліме (Махамбет, 2007: 56), –

дейді. Немесе Махамбет «Айныман» жырында:

...Кеткенім жоқ олжа үшін,  
Кетіп едім елімнен,  
Атаңа нәлет Жәңгірдің  
Бір ауыз айтқан сөзі үшін... (Махамбет, 2007: 99), –

деп налиды. Дәл осы жырлармен мазмұндас жауынгер ақын Қалнияз да Маңғыстау-дың Үстіртінен Хорезм ойына көшерде «Қоштасу» жырын күніреніп айтып жүріпті:

Асқар да биік тауларым,  
Арасы биік ауларым,  
Кетемін деген ойда жоқ –  
Кетірді дұшпан-жауларым.  
Еңіреп жүрген ер едім  
Еңіреумен кетіп барамын (Қалнияз, 2016: 36)

«Еңіреп жүрген ер едім» – Махамбеттің өр мінезін танытатын сөйлем. Айбынды ақынның дәл осы өлең жолдарын жатқа білмейтін қазақ жоқ шығар. Махамбетке тән өршілдік Қалнияз ақында да болғанын байқауға болады. Махамбет сарыны Қалнияздың қоштасу жырларында айқын байқалады. Екі ақынның да шешен де көсем тұлға екенін толғауларынан танимыз. Махамбет:

Томағалы сұңқар мен едім

Толғамалы найзамен

Толықсып жауға шапқанда (Махамбет, 2007: 40), –

деп жауға қарсы шабар сұңқарға балап, азаттық рухы жолындағы қайтпас қайсарлығын білдірсе, Нұрым ақын:

Мен – томағалы ақсұңқар,

Томағамды сыпырсаң,

Ойнап көкке шығармын! (Тіл таңбалы ақындар, 1-т, 2016: 238), –

дейді. Өзін томағалы ақсұңқарға балаған Нұрым ақын бейнелі сөздермен төгіле жөнеледі. Екі ақындағы сұңқар баламасы көптің бірі емес, топты жарған жүйрік екеніне де айғақ. «Мен» есімдігі арқылы толғаулардың мәні ашыла түседі. Махамбеттің:

Мен, мен едім, мен едім!

Мен Нарында жүргенде

Еңіреп жүрген ер едім.

Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.

Қай қазақтан кем едім?

Бір қазақпен тең едім...(Махамбет, 2007: 54), –

дейтін екпінді жырында Махамбеттің «Меніне» ақынның бүкіл болмысы – күрескерлігі, ерлігі, кең жүрегі сыйып тұр. Ғалым А.П. Поцелуевский есімдіктерді сипаттай келе, жіктеу және сілтеу есімдіктерінің дейксистік қызметтерін атай келе, «Мен» дейксистінің ерекшелігі басқа есімдіктерден ерекше деп атайды (Поцелуевский, 1947: 156). Дейксисті грек тілінен аударғанда «нұсқау» дегенді білдіреді. Есімдіктердің «мен», «сен», «бұл», «сол» дейксисті қызметі сөйлеу актісінде және оның қатысушыларының шарттарына жататындығын атаған ғалым «мен» есімдігіне ерекше тоқталып, айтылар күрделі ойдың алдындағы сілтемесі болып та қолданыла беретіндігін дәлелдеген. Жыраулар поэзиясында ақынның кейпін, асқақ рухын, ақындық «Менін» таныту үшін «мен» жіктеу есімдігінің функционалдық қызметін атап айту керек. Әсіресе жыраулар өзін сипаттағанда «мен» есімдігін кеңінен қолданады. «Мен»-нің жырдағы дейксистік қызметі ашыла түседі. Мысалы, Ақтан:

Мен Адайдың Ақтаны

Шежіре шешен тақтағы,

Алқалы топта аршынды

Тұлпары едім баптағы (Жыр-Дария, 1995: 163), –

десе, Қашаған:

Қатты кетсем қайрылмас,

Мен – басы қатты ақтабан (Күржіманұлы, 1991: 51), –

деп төгіледі. Немесе Абылдың «Мен өздерің білген Абылмын», Нұрымның «Мен қашанғы жүйрігің», Қалнияздың «Мен Адайдың жаманы», Елбай Қосымбайұлының «Мен жүйрік топтан озған» деген сияқты өздерін сипаттайтын толғау жырлары олардың өзіне өзі сенімді жүйрік, өткір де өр екендігін танытады. Жекешелік мәнді

білдіретін «мен» есімдігі арқылы ақын-жыраулардың болмысы ашыла түседі. «Мен» арқылы өзін сипаттау ақын-жыраулардың барлығында дерлік бар деуге болады. Махамбеттегі өткірлік пен өршілдік ақын-жырауларларға үлкен әсер еткенін анық байқауға болады.

Махамбет өлеңдерінде көтеріліс рухы сезіліп, халықты қанаған ханға, би-сұлтандарға қарсылыққа шақыру көрінсе, толғаулары Махамбетпен сарындас Қалнияз Шопықұлының шығармаларындағы негізгі тақырып – туған ел, туған жер. Қалнияз үшін қасиетті мекендердің бірі – Маңғыстау өлкесі. Ақын толғауларында Маңғыстау ұғымын үш түрлі мазмұнда қарастыруға болады. 1) Маңғыстау өлкесінің жалпылай суреттелуі; 2) Маңғыстауға, яғни туған жерге деген сағыныш; 3) Туған жермен, яғни Маңғыстаумен амалсыз қоштасу, ол ақын шығармаларында өмірмен қоштасу сарынында суреттеледі. Қалнияз Шопықұлының шығармаларындағы «Туған жер» ұғымының поэтикалық суретіне мысал келтірейік:

Бақасы қойдай шулаған,  
Балығы тайдай тулаған,  
Атырау мен Ақжайық,  
Бойында талай ойнаған,  
Маңғыстаудың саласы,  
Қоралап қойды айдаған,  
Әр қораның ішінде,  
Мыңнан саулық қоздаған,  
Әр желінің басында,  
Жүзден құлын байлаған,  
Туып өскен жер еді-ау (Қалнияз, 2016: 71).

Бұл жерде назар аударатынымыз – елмен, жермен қоштасудың үздік үлгісі ретінде еске алынатын Қазтуған жыраудың «Еділ жұрт» толғауы. Қазтуған қолданысындағы суреттеулер Қалнияз жырларында жалғасын тапқан. Ақын:

Асқар да биік тауларым,  
Арасы биік ауларым... (Қалнияз, 2016: 36).  
Бұлғыр да бұлғыр, бұлғыр тау,  
Бұлдырап тұрған құрғыр тау,  
Арығым семіз болған тау! (Қалнияз, 2016: 36).  
Сарқырап аққан бұлағым,  
Жағалай шыққан құрағым (Қалнияз, 2016: 36), –

деп, өзінің туған жерін суреттейді. «Ер Тарғын» эпосындағы Тарғынның монологында осы «Бұлғыр тау» бейнесі бар. Ұлттық тілтаным құрылымында поэтикалық-символикалық болмысымен ерекшеленетін мұндай тұрақты суреттеулер «туған жер» концептісінің тұрақты бір сипатына айналған. Теориялық тұрғыдан келгенде, тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі шындықты субъективті түрде, яғни символдар арқылы беру осы «бақасы қойдай шулап, балығы тайдай тулаған» өлке, «арығы семіз болған Бұлғыр тау», «асқар биік» қолданыстары арқылы жүзеге асқан деуге болады.

Туған жерді, туған елді суреттеуде Қалнияздың шығармаларында осы туған жерін орыс алып, өзінің кетуге мәжбүр болғанын да жақсы айтып кетеді.



...Аржағым Алаш ұранды  
Ел едік байтақ құралды  
Құралым тарқап бүгінде  
Көрдiк қиғаш заманды.  
Атақоныс Маңғыстау  
Орыс алып даламды (Қалнияз, 2016: 6).

Қонысын жатқа беріп, амалсыз ауа көшкен елдің мұңы мен зары Қалнияз толғауында «қиғаш заманның» себебінен деп түсіндіріледі. «Алаш ұранды ел» – ұлттық мұратты әйгілейтін айқындау, туған жер концептісінің аясын байытатын ұғым. Жырау туған елдің табиғаты мен ерекшелігін де тілге тиек етеді:

Айтамын сөздің келісін,  
Осылай дәмдеп желісін,  
Бізден қалды қалайда,  
Маңғыстау, Үстірт өрісім,  
Лажсыздан кеттік қой,  
Қол салғасын орысың,  
Ұрыстық талай ел үшін,  
Ата қоныс жер үшін,  
Расулы діні үшін,  
Күшіміз келмей соңында,  
Көшіп кеттік күн үшін (Қалнияз, 2016: 73).

«Қиғаш заманның» кесірінен туған жерді қалдырып кеткен жанның арманын аңдататын көркем баяндаулардың құрылымында эмоциялық реңк басым келеді. Халықтың басынан кешкен оқиғалары, көшкен жұрттың көрген азабын толғай отырып, жырау басынан кешірген жайтты да аңдатып өтеді:

...Көргенмін Еділ-Жайық араларын,  
Орынбор, Орал, Теке қалаларын.  
Күңіренген әулиесі - дін Хорезм,  
Жол түсіп, Хиуа, Көне араладым.  
Кетем деп Ауған асып, Тесік келдім,  
Несібе тартса, бар ма шараларым?!  
Сағынып ата қоныс туған жерді,  
Қалнияз сәлем айтқан ағаларың.  
Үлкендік, бір жағынан науқас және,  
Көрмесем, қош болыңдар балаларым! (Қалнияз, 2016: 50).

Туған жерге деген сағыныш – ұлттық мәдени мұрамызда молынан орын алатын тұрақты поэтикалық атрибут. Когнитивтік лингвистика саласына тән тілдің қоғамдық тәжірибеге негізделуі, яғни сөйлеу тіліндегі дәстүр жалғастығы, оған танымның қазыналық сипаты деп көрсетілетін жоғарыда өзіміз тілші ғалым тұжырымынан дәйексөз ретінде келтіріп өткен қағидаға сүйенсек, жыраудың өз көзімен көріп, сезінген, куәболған оқиғалары, тағдыры арқылы ата қоныс – туған жердің қаншалықты маңызды екені айқындала түскен. Тілдік түзілімдегі түрлі экстралингвистикалық факторларға Қалнияз жыраудың толғау-дастандары мол мысал бере алады.

#### 4. Нәтижелер

Ақын-жыраулардың қай-қайсысы да өзінен бұрынғы жыраулардың, қатарлас замандас ақын-жыраулар мен жыршылардың мұрасы мен халық поэзиясын жете меңгерген өте білімдар адамдар болған. Ғалым Ж.Тілепов Мұрын жырау туралы «Мұрын жырау Қашаған Күржіманұлы, Мұрат Мөңкеұлы секілді ұстаздары болмаса, әлемдік деңгейдегі жыршылықтың топ жарғаны бола алар ма еді? Ал Қашаған мен Мұраттың ұстаз ретіндегі бақыттылығы сонда, табиғатта ілуде бір кездесетін соншама құймақұлақ Мұрын сынды шәкірттері болуында» (Тілепов, 2021: 266), – деп Мұрын жыраудың жады мықты, білімдар адам болғандығын, ұстаздары мықты жанның ұстамы да мықты болатындығын айғақтайды. «Сүгір жырау Абыл мен Ақтанның, Баток пен Қалнияздың, Нұрым мен Қашағанның, Аралбай мен Өмірдің, Әбубәкір мен Сәттіғұлдың, тағы басқа ақын-жыраулардың шығармаларын елге таныстырумен қатар оларды өз шығармаларында мадақтап жырға қосқан» (Құдайберген, 2022: 11), – деп жазады зерттеуші С.Құдайберген. Маңғыстау жыраулары өз поэзиясына өзінен бұрынғы ақындардың дәстүрін тұғыр еткен. Сондай-ақ көршілес қарақалпақ, түрікмен елдерінің де жырларын жетік білген. Ақын-жырауларға ақындықтың қонуы кездейсоқтық емес. Ол туралы аңыз-әңгімелер тылсым дүниенің бар екенін дәлелдейді.

«Қырымның қырық батыры» жыры – өміршең дүние. Теңдесі жоқ қымбат қазынананы көзінің қарашығындай сақтап, ұрпаққа аманаттап кеткен Мұрын жыраудың жанында шәкірттері Сәттіғұл, Дүйсенбай, Айтқұл, Сәду, Өткелбай, Шамғұл сияқты ақындар мен жыршылар жиі келіп, жыр тыңдайды, ара-тұра жиын-тойларға да бірге алып барады. Мұрын жырау туралы негізгі деректерді бір өзі бір академияның жұмысын атқарып кеткен ғалым Қ.Сыдиықұлы Форт-Шевченко қаласында тұрған Мұрын жыраудың жиені Дәуітбайдан жазып алған. «Қырымның қырық батырын» жырлау сонау Сыпыра жыраудан басталады. Одан Абыл, Айтуған, Қарасай, Қалнияз, Нұрым, Ақтан, Қашаған, Қазақбай, Өскінбай, Мұрын, Шамғұл, Шөнеке (Тәжіғали) жырауларға жеткен. Жыршылық дәстүрді насихаттап жүрген бүгінгі жыршылар да ата-балалардан жеткен асыл сөзге құрметпен қарайды. Мұрын жырау нұсқасында «Қырымның қырық батыры» кеңірек жырланады.

Кең таралып, Маңғыстау халқының жадында халықтық әуенмен ең көп жатталған жырлар – Абыл Тілеуұлы, Айтуған Тайұлы, Қалнияз Шопықұлы, Нұрым Шыршығұлұлы, Қашаған Күржіманұлы, Ақтан Керейұлы, Аралбай Оңғарбекұлы, Өскімбай Қалмамбетұлының шығармалары.

Өз ойынан жыр қосып бастау – маңғыстаулық жыршыларға тән қасиет. Кейде жырлап отырып, халықтан қандай жыр қалайтындарын жыр арқылы сұрайтын болған. Жырауларда ең көп кездесетін Тойбастар, Бата жанрларының тәрбиелік мәні өте зор. Тойбастар айтқан ақындар да, батагөй ақындар да ортаға сыйлы, салиқалы адамдар болған. Бата ізгі тілектерге арналып, қанға сіңген бабалар тағылымы, тектіліктің тура жолын таңдауға кеңес беретін аталы сөз, насихатқа құрылады. Бата беру ақын-жырауларға тән жанр ретінде қалыптасқан.

Бүгінде айтылып жүрген беташар жырлары – ақын-жыраулар дәстүрінің жаңғыруы. Қашағанның ұзатылған қызға айтқан батасы бүгінгі беташарларда көп

қолданысқа ие. Көңіл айту, естірту, жұбату жырлары Маңғыстау ақындарының барлығында дерлік бар деуге болады.

Жыраулардағы терме, арнау, толғау жырлары да тындарманына ғибрат-өсиет болып дариды. Махамбеттегі тарпандық пен өткірліктің, дауылпаз ақын сарыны Қашағанның, Абылдың, Қалнияздың жыр-толғауларында кездеседі.

Маңғыстау өңірі ақын-жырауларының ел аралап жүріп, айтысқан, өнер сайыстарына түскенін байқауға болады. Олардың қай-қайсысы да шебер айтыскер болған. Оған «Абылдың сушы қызбен сөз жарыстыруы», «Абыл мен Орақтың қызбен сөз қағыстыруы», «Абыл мен Балдай қыз», «Қалнияз бен Қашағанның», «Жаскелең мен Қалнияздың», «Қалнияз бен Тәжібайдың», «Абыл, Орақ және бойжеткеннің», «Нұрым мен Қашағанның», «Нұрым мен Жаскелеңнің», «Нұрым мен Халипа қыздың», «Сүгір мен Сәттіғұлдың», «Сүгірдің Кесікбас домбырасымен айтысы», «Қашаған мен Бітеген жыраудың», «Қашаған мен Ізім шайырдың», «Ізбас пен Сәттіғұлдың» және тағы да басқа көптеген айтыстар дәлел. Маңғыстау ақындары ішіндегі ең жүйрігі Қашаған болған. Ақын айтыста ешқашан жеңілмеген. Сондықтан Қашаған ақынмен айтысуға ақындардың жүректері дауаламайды екен. Ақындар айтыстарында дін, шариғат, адами құндылықтар, жаратылыс жайлары негізгі тақырып болды. Айтыс арқылы ақын-жыраулардың біліктілігі сыналды. Жыраулардың бір-біріне жұмбақ жасырып, сырласулары, бір-біріне хат жазысып, мұң шаққандары ақындардың бір-біріне деген сыйластықтары ерекше болғандығын дәлелдейді. Мысалы, Нұрым мен Қашаған, Ұзақбай мен Сүгір және т.б. ақындардың айтыстарынан сыпайы сыйластық сезіледі. Айтысарда негізінен қарсыластар бір-бірінің тағдыр-тарихын ұзақ зерттеп-зерделеп барып айтысқа түседі. Мысалға, Абыл мен Балдай қыздың айтысында Абыл Балдай қыздың, Нұрымның Халипа қызбен айтысында Нұрым ақын Халипа қыздың тағдырына қатысты шындықтарды жайып салады. Маңғыстаудың XIX ғасырдағы ақындар айтысын ру айтысы (Кете Тәжібай мен Шалбар Қалнияз, Қашаған мен Ізім шайыр, Қалнияз бен Жаскілең); қыз бен жігіт айтысы (Абыл мен Балдай қыз, Нұрым мен Берішқызы, Нұрым мен Кердері Халипа қыз); жұмбақ айтысы (Медетбай молда мен Ыбырайым ахун, Көкен мен Жібек қыз, Сәттіғұл мен Сүгір); қайым айтыс (Абыл мен Шернияз, Сәттіғұл мен Түмен); сүре айтыс (Нұрым мен Қашаған) деген түрлерге жіктейміз. Абыл, Нұрым, Қашағандардың айтыстағы ақындық дәстүрі бүгінге дейін жалғасын тауып жатыр.

Ақын-жыраулар шығармаларының халыққа жетуіне кеңестік саясаттың кесірі тигенін де айтуымыз керек. Жыраулар айтарын ашық, өткір айтқандықтан кеңестік билікке жақпаған тұстарын айтуға тыйым салды. Бізге жеткені – саясат сүзгісінен өткізілген шығармалар ғана. Мәселен, Абыл, Қашаған, Ақтан, Сүгір, Өскімбай және тағы басқа дүлдүлдердің туындылары толық жеткен жоқ. Кеңестік кезеңде үкімет тарапынан көптеген ақын-жыраулардың өнегелі ғұмырына, имандылық тұнған, ерлік пен елдікті жырлаған шығармаларына көңіл бөлінбеді, көбі мойындалмады.

Маңғыстау өңірінің ақындық, жыраулық мектебінің басқа өңірге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері де бар. Маңғыстау өңірі жыраулары бұрынғы ақын-жыраулардың туындыларын жырлап, насихаттаумен, оларды мадақтап жырға қосумен бірге өздерінің жандарынан шығарған толғау, жыр-дастандарын, арнауларын халық арасына насихаттап өткен.

Олар жырдың барлық түрін домбырамен орындаған. Маңғыстау ақындарының аузы дуалы шешен, жыраулығымен қоса желілі, ұзақ жырларды айтуға төселген жыршы, домбырашы, әнші атануы да олардың ерекше қасиеттілігін көрсетеді.

Бұл өлке ақындары тек Маңғыстау өңірі ғана емес, көршілес Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түрікменстан қазақтары да тұлға санаған ақын атанған. Ел ішін аралап, жүрген жерлерінде жырлап жүрген, айтысқан. Олар мұсылманша сауатты, жазуға машықтанбаған, көкірегі ояу, есте сақтау қабілеті мықты болған. Жаттампаздығы сонша, таңды таңға ұрып жыр айта алған.

Маңғыстау өңірі жырауларының жыр, толғау, терме, қисса, дастан айтатын, айтысатын саз-әуені болған. Жыр күйі және ән күйі деген жырдың мақамын Маңғыстау жұрты жақсы біледі. Бұл саздар ноғайлық саздар деп есептеледі. Жыр күйлерінің құрамында бірнеше ән компоненттері ұшырасады. Әрине, ауызша айтылған жырды кейінгі орындаушылар сөзімен де, әуенімен де жаттап айту оңай болмағаны белгілі. Олар сазын есте ұстап, сол сазбен жыр айтқан. Маңғыстау, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан қазақтары арасында Қалнияз, Сүгір, Қожай, Мұрын, Қарасай, Ақтан, Теңелдік, Дүйсенбай, Шәдіман, Айтқұл сияқты жыршы, жыраулардың жыр күйлері сақталған. «Жыр күйі дербес жанр түрі ретінде домбырада, баспа қобызда (сырнай) орындалады. Маңғыстаудың көптеген жыр күйлері Маңғыстаулық дәулескер күйші Сержан Шәкірат арқылы жетті» (Құдайберген, 2022: 19). Маңғыстау мақамдары да өзіндік ерекшелігімен өзгеше. Жыраулардың маңызды жетістіктері олардың рухани мәселелерді шешуге адамгершілік және имандылық тұрғыдан келуі болды. Өз шығармашылығымен олар жақсы өмір сүруге шақырып және инабатты, әдепті жастарды тәрбиелеуге көңіл аударды. Рухани жетілуге жеткізетін жол ислам діні мен әдебін ұстану деп білді.

Ақын-жыраулардың шығармалары баспа жүзін көрмесе де жыршылардың аузында жатталып, бүгінгі күнге, қаймағы бұзылмай жетіп, атадан балаға мұра болып қалды.

## **5. Қорытынды**

Ақын-жыраулардың туындыларын тәрбие мектебі деп айтуға толықтай негіз бар. Олар елдің түрлі кезеңдерін көріп, өткеннен сабақ алып, халық тарихының сатыларын терең пайымдап, жыр, толғау, терме, дастандарында түйінді тұжырымдар айта білген. Олардың негізгі тақырыбы – адами қасиеттер, имандылық иірімдері, елдік пен ерлік мәселелері. Қазіргі кезде ұлттық құндылықтарымызды, ұлттық қалпымызды көздің қарашығындай сақтап қалғымыз келсе, ақын-жыраулардың поэзиясын өскелең ұрпақ санасына сіңіре отырып, елжанды, ұлтжанды жастарды тәрбиелеуіміз керек.

Маңғыстау өңірі ақын-жыраулары өмірден ой түйген философ та, халыққа жол көрсеткен ақылшы да, адамгершілік қағидаларын уағыздаған, рухани құндылықтарды дәріштеген идеолог та, айтар уәжін көркемдеп жеткізген шебер тілді ақын да, адам санасының қалтарыстарына жіті үңілген психолог та, заманның қат-қабат сырларын пайымдаған ойшыл да, халықтың терең ойлы шежірешісі де болды. Жан жақты қабілетті ақын-жыраулар халықтың әлеуметтік өмірінде, көшпелі өмір салтында, қоғамдық билікте, ұлттық мәдениетте терең із қалдырды. Жыршы-жыраулардың қазыналары өткен ғасырлардан бүгінгі күнге дейін өз бояуын жоғалтпай жетуінің өзі – халықтық өнер. Өлі де халық аузында, аудиотаспаларда, Маңғыстау, Атырау, Орта

Азия халықтарының, ақын-жыраулар ұрпақтарының жеке мұрағаттарында сақталуы мүмкін. Ақын-жыраулар мұрасы – ел игілігі. Телегей теңіз жыр дария талай ғылыми зерттеулерге жол ашары сөзсіз.

#### Әдебиеттер:

1. Жанғабылұлы С. Аманат: Өлең толғаулар, жыр-дастандар. – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. – 386 б.
2. Zholdybaev O.M., Matyzhanov K.S., Habibulla A. (2023) Semantics and features of the Toybastar rite. Scientific journal «Keruen» №1, volume 78, pp.17-23 DOI <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-01>
3. Жыр-Дария. Маңғыстаудың ақын-жыраулары. – Ақтау: Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасы, 1995. – 596 б.
4. Күржіманұлы Қ. Топан. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1991. – 176 б.
5. Қалнияз жырау Шопықұлы. Қалнияз едім күнінде... – Алматы: Сардар, 2016. – 160 б.
6. Құдайберген С. «Ауылға Сүгір келді деп...» // Кітапта: «Кесікбас – шыныменен қалғаның ба?!» Жырау С. Бегендікұлына арналған жинақ. – Алматы: Ел-Шежіре, 2022. – 456 б. – 7-24-бб.
7. Махамбет. Жорық жырлары. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2007. – 408 б.
8. Mukhan A., Yerdembekov B., Matyzhanov K., Isbek B. (2020) Typological characteristics of the kazakh family folklore. // Utopia y Praxis Latinoamericana, 2020, 25 (Extra 6), 40–49 pp. DOI: 10.5281/zenodo.3987566
9. Пощелуевский А.П. Происхождение личных и указательных местоимений. – Ашхабад, 1947. – 150 с.
10. Сыдиықұлы Қ. Ақберен. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалары. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2007. – 576 б.
11. Сыдиықұлы Қ. Бес ғасыр сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2014. – 392 б.
12. Сыдиықұлы Қ. Мұрын жырау және «Қырымның қырық батыры» // Кітапта: Қырымның қырық батыры. – Алматы: Арыс, 2005. – 544 б. – 6-28-бб.
13. Тілепов Ж. Дауылды дәуірдің дауылпаз жыршысы // Кітапта: Жыр жүйрігі – Қашаған. Ақын, жырау Қ.Күржіманұлына арналған академиялық жинақ. – Алматы: Қазақ кітабы, 2021. – 800 б. – 264-269-бб.
14. Тіл таңбалы ақындар. 5 томдық. (Құрас. Ж.Жылқышыұлы). 1-том. – Ақтау: Printing House, 2016. – 432 б.
15. Тіл таңбалы ақындар. 5 томдық. (Құрас. Ж.Жылқышыұлы). 2-том. – Ақтау: Printing House, 2016. – 432 б.
16. Тіл таңбалы ақындар. 5 томдық. (Құрас. Ж.Жылқышыұлы). 5-том. – Ақтау: Printing House, 2016. – 384 б.
17. Уахатов Б. Қазақ халық өлеңдері жайлы. – Алматы: Ғылым, 1974. – 287 б.
18. Фрейд З. Толкование сновидений. – СПб: Азбука-Аттикус, 2022. – 456 с.

#### References:

1. Freud Z. (2022) Interpretation of dreams. – St. Petersburg: Azbuka-Atticus. – 456 p. (in Russ).
2. Kudaibergen S. (2022) “They say that Sugar came to the village...” “ // In the book: “Kesikbas – are you really staying?!”. Collection dedicated to zhyrau S. Begendikuly. – Almaty: El-Shezhire. – 456 p. – pp. 7-24. (in Kaz).
3. Kurzhimanuly K. (1991) Flood. Poems, aitys, poems. – Almaty: Zhalyyn. – 176 p. (in Kaz).
4. Makhambet. (2007) Fight songs. – Almaty: Abai International Club. – 408 p. (in Kaz).
5. Mukhan A., Yerdembekov B., Matyzhanov K., Isbek B. (2020) Typological characteristics of the kazakh family folklore. // Utopia y Praxis Latinoamericana, 2020, 25 (Extra 6), pp. 40–49. DOI: 10.5281/zenodo.3987566 (in Eng).
6. Potseluyevsky A.P. (1947) The origin of personal and demonstrative pronouns. – Ashgabat, 1947. – 150 p. (in Russ).
7. Kalniyaz zhyrau Shopykuli. (2016) In the days when I was Kalniyaz... – Almaty: Sardar. – 160 p. (in Kaz).

8. Sydyikuly K. (2007) Akberen. The works of Kazakh akyns-zhyrau of the XVIII-XIX centuries. – Almaty: Nurlı Alem. – 576 p. (in Kaz).
9. Sydyikuly K. (2014). Five centuries they say. – Almaty: Arys. – 392 p. (in Kaz).
10. Sydyikuly K. (2005) Muryn Zhyrau and “Forty batyrs of the Crimea” // In the book: Forty Batyrs of the Crimea. – Almaty: Arys. – 544 p. – pp. 6-28. (in Kaz).
11. Masters of the art of words. (2016). – Aktau: Printing House. V.1. – 432 p. (in Kaz).
12. Masters of the art of words. (2016). – Aktau: Printing House. V.2. – 432 p. (in Kaz).
13. Masters of the art of words. (2016). – Aktau: Printing House. V.5. – 384 p. (in Kaz).
14. Tilepov J. (2021) The Stormy akyn of the stormy epoch // In the book: The Master of Song – Qashagan. Academic collection dedicated to akyn Q.Kurzhimanuly. – Almaty: Kazakh Book. – 800 p. – pp. 264-269. (in Kaz).
15. Ukhatov B. (1974) About Kazakh folk poems. – Almaty: Science. – 287 p. (in Kaz).
16. Zhangabylyuly S. (1996) Amanat: Poems, poems and epics. – Almaty: Er-Daulet. – 386 p. (in Kaz).
17. Zholdybaev O.M., Matyzhanov K.S., Habibulla A. (2023) Semantics and features of the Toybastar rite. Scientific journal «Keruen» №1, volume 78, pp. 17-23 DOI <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-01> (in Eng).
18. Zhyr-Daria. (1995) Collection of akyn-zhyrau Mangystau region. – Aktau: Mangystau Regional Department of Culture, 1995. – 596 p. (in Kaz).